

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

3-тапсырма: Шығарма кейіпкерлерінің рөліне ене отырып, көрініс қою. Бұл тапсырма оқылған шығарманы жақсы түсінуге көмектеседі әрі балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін шыңдауға септігін тигізеді. Сонымен қатар кіші жастағы оқушыларға тән шығармашылық белсенділік оқуға деген қызығушылықты дамытуға ықпал етеді.

Тапсырмаларды шешуде шығармалар негізінде ойындар, конкурстар, викториналар, театрландырылған көріністер қоюды ұйымдастыру керек. Оқу дағдысының қалыптасуы оларға ұсынатын материалдың түсініктілігіне, жеңілдігіне және қызықтылығына байланысты екендігін бірқатар ғалымдар (Н.А.Рыбников, С.Жиенбаев т.б) өз еңбектерінде дәлелдеп көрсеткен. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, олардың көркем шығарманы қабылдауына мүмкіндік жасау – осы сатыдағы білім мазмұнының құрамдас бөлігі. Көркем шығарманы дұрыс түсініп қабылдау – оқушылардың оқуға қызығушылығын оятудың бір жолы. Ал шығарманы шала ұғынудың өзі де түрлі-түрлі жағдайларға байланысты: ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі, сөздік қордың тапшылығы, оқушының ұқыпсыздығы т.б. Сол себепті осының барлығын мұғалім әрбір сабақ барысында есепке алып отыруы керек.

Қорыта айтқанда, әрбір сабақта шәкірттерді көркем шығарманы қабылдауға баулу мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Әдебиеттер тізімі:

1 <https://massaget.kz/>

2 <https://kk.wikipedia.org/>

3 Аймауытов Ж. «Ана тілін қалай оқыту керек?» мақаласы «Жаңа мектеп» журналы, 1919. №2.

4 Базарбекова Р.Ж. Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу жолдары. «Бастауыш мектеп» журналы, 2012. № 6.

5 Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. «Радянська школа» баспасы 1969.

6 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1960.

7 Аубакирова И.Е. «Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту жолдары», Мұғалімдерге және оқушыларға әдістеме және теория атты Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы, 2018. №4.

ӘОЖ 378.147:81'373

ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ораз А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі кафедрасының докторанты

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Маликов Қ.Т.*

*E-mail: aydana.oral.1997@mail.ru, *k.malikov@mail.ru*

Аннотация. В данной статье рассматриваются лингвистические проблемы обучения лексике. Изучение и использование лексики казахского языка в различных видах речевой деятельности способствуют овладению казахским языком как средством общения, а с другой стороны, помогают воспринимать и понимать тексты для чтения и прослушивания. В ходе исследования был проведен анализ отечественной и зарубежной научной литературы, касающейся лингвистических основ изучения лексики. Учитывая тот факт, что формирования лексических навыков являются обязательными условиями при изучении языка, главная цель статьи - научное изучение языковых особенностей обучения лексике. Исходя из этой цели, задачами исследовательской работы являлись выявление языковых особенностей изучения лексики с точки зрения ментального аспекта, определение лингвистических проблем обучения лексике. Методологическая основа

исследовательской работы опиралась на ряд выводов, касающихся преподавания лексики казахского языка, мнений о возрастных и психологических особенностях в науке психологии.

Ключевые слова: лексика, казахский язык, словарный состав, обучение лексике, речевой акт.

Abstract. This article deals with the linguistic problems of teaching vocabulary. The study and use of the vocabulary of the Kazakh language in various types of speech activity contribute to the mastery of the Kazakh language as a means of communication, and on the other hand, help to perceive and understand texts for reading and listening. In the course of the study, an analysis of domestic and foreign scientific literature concerning the linguistic foundations of the study of vocabulary was carried out. Considering the fact that the formation of lexical skills is a prerequisite for learning a language, the main goal of the article is the scientific study of the language features of teaching vocabulary. Based on this goal, the objectives of the research work were to identify the language features of learning vocabulary from the point of view of the mental aspect, to identify the linguistic problems of teaching vocabulary. The methodological basis of the research work was based on a number of conclusions regarding the teaching of the vocabulary of the Kazakh language, opinions about age and psychological characteristics in the science of psychology.

Key words: lexis, Kazakh language, vocabulary, vocabulary learning, speech act.

Психоллингвистика негізінен лингвистикалық талдауға сүйенеді, бірақ лингвистикалық талдауды көбінесе аралық, өткел, өткінші мәлімет ретінде қолдану жиі кездеседі. Орыс ғалымы А.А.Леонтьевтің пікірінше, сөйлеу әрекетін зерттеуде лингвист пен психолог еңбегінің үлестік мөлшері мына сипатта: тілтанушы меңгерілетінді, меңгерілгенді зерттейді. Ал психолог лингвистикалық модельді игеру, қабылдау барысында адам санасында болып жататын психикалық байланыстар мен үдерістерді зерттейді, қарапайым түрде айтқанда, сөйлеушілер шын болмыста, өмірде сөйлемді (сөйлеуді) қалай құратынын және түсінетінін тексереді.

Осы ретте, жалпы лингвистикалық зерттеудің екі бағыты бар деп қарастырсақ, оның біріншісі–тілдік жүйені зерттеу, ал екіншісі – сөйлеуді қарастыру. Сондықтан лингвистика сөйлеу түрлерін, қатысымның тілдік құралдарын қарастырады. Олай болса, лексиканы меңгеру үшін тілдік құрылысты дұрыс меңгерудің қажеттілігі анық мәселе деп айта аламыз. Бұл жөнінде А.И. Липкина мен М.И.Оморокова: «... тіл үйренушілердің ойлау қабілетінің дамуына, жетілуіне, сондай-ақ сөйлеу және есту қабілеттеріне зейініне көңіл бөле отырып, тілдік материалдарды орынды қолдана білу сияқты іс-әрекеттерді арттыру негізгі мәселенің бірі болып отыр. Мысалы, тілдің фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика тарауларын оқыту арқылы тіл үйренушілердің сөздік қорын байытып, тілін дамытуға болады», – деген [1. 27]. Сондықтан да тіл үйренуші тілінің дамуы, сөздік қорының баюы тілден игерген білімнің толысып, кеңейіп отыруына байланысты. Тілі жақсы дамыған адамның ойы да дамиды, қоршаған орта мен қоғам туралы күрделі ұғымдардың байланысын түсінуі, жете тануы жеңілдейді. Тіл үйренуде лексиканы меңгету туралы орыс ғалымы А.А.Леонтьев «Основы психоллингвистики» еңбегінде: «Әдетте сөйлеуші адам айтпақ сөзін айқын пайымдап үлгерген тұста бір-ақ бастайды. Осының нәтижесінде сөздің ойдағы нобайынан грамматикалық және лексикалық тұрғыдан жүзеге асу үдерісі ғана зерттеледі. Алайда логикалық тәртіп бойынша бұдан бұрынырақ болатын құбылысты зерттеу мәселесі тым сирек қолданылып жүр. Қалай айтуды білу үшін алдымен не айтуды білу қажет», – деп көрсетеді [2. 29].

Ғалым Ф.Оразбаева лексиканы оқытуға байланысты : «Лексиканы оқытуда сөзге үлкен мән беріледі» деп, әр сөзді орынды қолдану арқылы өз ойын жүелі жеткізуге болатындығын айтады [3. 100]. Тілдегі сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдануда лексикалық дағдылардың қалыптасуының мәні аса зор.

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану да, ең алдымен, сөзбен байланысты. Тіл үйренуші сөздерді қолданады, сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдерді жасайды, ал тыңдаушы өзі қабылдаған сөздерді түсініп, талдай біледі[4. 158].

Сондықтан да лингвистикалық бағыттағы психолингвистикалық зерттеулерде сөз семантикасы мәселелері айрықша орын алады. Тіпті, білімдердің индивидуалды (дара) жүйесінің пайда болуы, құрылуы мен қызмет етуін зерттейтін ерекше ғылыми сала психосемантика да бар. Психосемантиканың басты қағидасы тіл біздің әлемімізді екі еселейді дейтін пікірге сүйенеді. Осы тұста, А.Р. Лурия: «Адамда екі әлем болады, оған тікелей бейнелейтін заттар әлемі де, сөзбен белгіленетін сапалар, қатынастар, нысандар мен бейнелер әлемі де кіреді. Сөйтіп, сөз болмысты бейнелеудің ерекше формасы болып саналады. Адам бұл бейнелерді олардың шын өмірде бар-жоғына қарамай-ақ еркін түрде атай алады, осы екінші әлемді еркінше басқара алады», – деп жазады [5].

Лексика тарауын оқытудың лингвистикалық негізінің өзі осы атауыш сөздердің яғни толық мағыналы сөздердің лексикалық мағынасының болуына қарай белгіленеді.

Тілдегі бірде-бір сөз оның жалпы номинативті жүйесінен бөлек қарастырылмайды. Сөздер белгілері негізінде әртүрлі топтарға біріктіріледі. Сонымен, олар белгілі бір тақырыптық топтарға жіктеледі. Мысалы, тұрмыстық бұйымдарға байланысты сөздер және дерексіз ұғымдарға байланысты сөздерді қарастыруымызға болады. Басқа лексикалық топтар таза лингвистикалық негізде қалыптасады. Мысалы, сөздердің лингвистикалық ерекшеліктері оларды лексика-семантикалық және грамматикалық белгілері бойынша сөйлеу бөлігінде топтастыруға мүмкіндік береді.

Сөз ұғымның атауы екендігіне мысалдар келтіріп көрейік: жер, су, темір, шөп, қағаз, ет, сүт, май тері, көз, қол, мұрын, аяқ деген сияқты сөздер белгілі бір ұғымның аты болады. Әрбір сөз белгілі бір мағынаға ие болады. Ол мағына сөйлем ішінде анықталады. Ғалым Е.Қ.Ұйықбаев сөздің ауыспалы және тура мағынасын «Лексиканы оқыту» еңбегінде мынадай кестемен береді:

Кесте – 2. Сөз мағынасына байланысты мысалдар

Сөздің тура мағынасы	Сөздің ауыспалы мағынасы
1. Жылан шағып алады.	1. Алты ай жаз жібергенде, жаңбырлығын жаппайтын жылан қабырға жылқылар болады екен (Ғ.Мұстафин).
2. Торғай балапандарын ұшырып жүр.	2. Қартайғанда, көңіл, шіркін, қоң торғай екен (сонда).
3. Етікті сыздық салып киеді.	3. Табыстарың талапқа сыздық та болмайды(Ғ.Мұстафин).
4. Қара бура өрісте жүр.	4. Оның есіне қарабура деген сөз түсе қалды. Сырдың бойында қарабура деп суға жасайтын бөгеттің бір түрін айтады (С.Мұқанов).
5. Терезенің шынысына қырау тұрды.	5. Еріп көңіл қырауы, жанады от маздады (Қ.Мырзалиев).
6. Қабаған ит жақындасаң қабады.	6. Семізден жарап жүрген кер ат ауыздығымен алысып жер қабады (С.Бегалин).
7. Көзіңе шаң түскен жоқ па?	7. Шырағым, малың аман ба, ол жақта біздің шал көзіңе түскен жоқ па? (С.Бегалин)

Тағы бір айта кететін жағдай сөз және оның мағынасы туралы түсінік бергенде, сөз мағынасы тек сөйлем ішінде ғана белгілі болатыны, жеке дара тұрғанда көп жағдайда аңғарыла бермейтінін ұғындыру қажет. Ғалым И.Ф.Филин: «Сөздің лексикалық бөлшек екендігінің негізгі белгілері оның басқа сөзбен байланысы кезінде жан-жақты ашылады, өйткені белгілі бір сөз басқа сөздермен байланысқа түсіп барып қана белгілі бір ойды білдіріп, өмір сүреді»,–деген пікір айтқан [6. 334].

Сонымен қатар, тілдің лексикалық жүйесінде мағынаның ортақтығына (немесе қарама-қарсы) байланысты сөздер түрлі топтарға бөлінетіндігін ескеру қажет. Мысалы, стилистикалық қасиеттері бойынша ұқсас (немесе қарама-қарсы); сөзжасамдық қасиетіне байланысты біріктірілген немесе сөздердің шығу тегінің ортақтығына қарай, сөйлеудегі қолдану ерекшеліктерімен, лексиканың белсенді немесе пассивті қорына байланысты топтастырылуы мүмкін. Белгілеріне байланысты біріктірілген сөздер топтарындағы мұндай жүйелік қатынастар парадигматикалық деп аталады (гр. *paradeigma*-үлгі, үлгі) [7. 142].

Сөздердің парадигматикалық байланыстары кез-келген тілдің лексикалық жүйесінің негізі болып табылады. Әдетте, ол көптеген микрожүйелерге бөлінеді. Олардың ең

қарапайымдары – мағыналары қарама-қарсы сөздер, яғни антонимдер. Неғұрлым күрделі микрожүйелер мағыналардың ұқсастығы негізінде топтастырылған сөздерден тұрады. Олар синонимдік қатарларды, әртүрлі тақырыптық топтарды, түрлері мен шығу түбірі бойынша салыстырылған бірліктердің иерархиясын құрайды. Сонымен, сөздердің ең үлкен семантикалық топтары кең лексика-грамматикалық түрлерге – сөйлеу бөліктеріне енеді.

Әр тілдегі лексикалық және грамматикалық парадигмалар өте тұрақты және контексттің әсерінен өзгеріске ұшырамайды. Алайда, нақты сөздердің семантикасы контексттің ерекшеліктерін көрсетуі мүмкін, бұл лексикада жүйелік байланыстарда көрінеді [7. 204].

Тіл үйренуді когнитивті тұрғыдан зерттеген психологтардың көпшілігі ақпарат бастапқыда сенсорлық аймаққа түседі деп санайды, мұнда барлық сезім мүшелерінен басқа, көру және есту қабілеті де маңызды рөл атқарады. Мұнда ақпарат еріксіз астарсана деңгейінде қабылданады. Осылайша, барлық ақпарат қысқа мерзімді жад аймағына кірмейді. Дәл осы кезеңде ақпаратты одан әрі өңдеу және қажетсіз ақпараттарды жою туралы сигнал түседі. Қысқа мерзімді жадтан пен ұзақ мерзімді жад арасындағы ақпарат қайталау және кодтау арқылы сақталады. Ақпаратты өңдеу неғұрлым терең болса, оны есте сақтау соғұрлым жақсы болады. Ұзақ мерзімді жадқа оның кодталуы мүмкін бөлігі ғана кіреді. Ақпараттың сақталуы (кодталуы) оны алу процесіне қатты әсер етеді. Семантикалық түрде кодталған ақпаратты алу (есте сақтау) оңай, өйткені ол танымдық тұрғыдан ерекшеленіп тұрады [8. 97].

Қорыта айтқанда, психолингвистикалық зерттеу тіл үйренушіде сөздік қордың дамуын баланың сөз мағынасының барлық компоненттерін бірден игере алмайтындығын көрсетеді. Біріншіден, ол мағынаның денотативті компонентін игереді, тұжырымдамалық және контекстік компонент кейінірек игеріледі, өйткені талдау, синтез, салыстыру, жалпылау операциялары дамиды. Әрбір сөз белгілі бір ұғымды білдіреді. Сөз бен ұғым өзара тығыз байланысты, бірақ сөз бен ұғым бір-бірімен тепе-тең емес, өйткені сөз – тілдік категория, ал ұғым – ойлаудың формасы. Қандай ой болса да, тілдік материал арқылы, сөз арқылы айтылады. Тілсіз ойлау мүмкін емес. Сондықтан да тіл мен ойлау өте байланысты болады.

Тіл үйренуші игерген сөздердің мағынасындағы өзгерістер оның айналасындағы әлем туралы идеяларының дамуын көрсетеді және танымдық саламен өте тығыз байланысты болады. Тіл үйрену кезінде сөздіктің қалыптасуы үнемі жүріп отырады және оны әр түрлі қызмет түрлері қамтамасыз етеді. Лексикалық қорды байыту жаңа сөздерді ассимиляциялау арқылы да, олардың арасындағы әртүрлі семантикалық қатынастарды орнату арқылы да жүреді: түбіртектік, синонимдік, антонимдік, омонимдік, байланысты сөздер арасындағы қатынастар.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Липкина А.И., Оморокова М.И. Работа над устной речью учащихся на уроках чтения. – М.: Просвещение, 1967. – 224 с.
- 2 Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.: Смысл, 1997. – 287 с.
- 3 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теория және әдістемесі. – А.: Білім, 2000. – 208 б.
- 4 Эльконин Д.Б. Развитие речи // Психология детей дошкольного возраста. – М., 1964. – 293 с.
- 5 Лурия, А. Р. Основные проблемы нейролингвистики. – Москва: Изд-во Моск. ун-та, 1975. – 253 с. Изд. 3-е.
- 6 Гвоздев А.Н. Формирование у ребенка грамматического строя русского языка I, II. – М., 1949.
- 7 Медникова Э.М. Значение слова и методы его описания. – М.: Высшая школа, 2003. – 202 с.
- 8 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 207 б.